

ӘОЖ 81`362:(811.512.122+811.111)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МОДАЛЬДЫ СӨЗДЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Курганбекова Зарина

Zarina.1419@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Е.Дарменова

Салыстыру тілдік құбылыстардың зерттелу жолында маңызды әмбебап әдісі болып табылады. Ол тілдік жүйенің түрлі деңгейлерінде материалды талдау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Өз уақытында салыстыру әмбебаптығын жалпы лингвистикалық қабылдау үрдісі ретінде ұғыну және оны синхронды және диахроникалық зерттеулерде лингвистикалық пәндер қатарында жеке қолдану салыстырмалы тіл білімінің яғни лингвистикалық салыстырмалылықтың қалыптасуына алып келді. Белгілі француз тіл маманы А.Мейе салыстырудың екі түрлі мақсатта қол жеткізу үшін пайдаланылатынын атап өтті. Олар тарихи мәліметтер алу үшін немесе жалпы заңдылықтарды анықтау үшін қолданылғаны атап өтілді [1,97]. Осыған сәйкес салыстыру екі әдісті қамтиды: салыстырмалы тарихи және салыстырмалы–типологиялық әдістері. Зерттеудің салыстырмалы әдісі салыстырылатын тілдердің әрқайсысының ерекшелігін жақсы түсінуге және анықтауға ықпал етеді.

Осыған байланысты модальдылық санатының екі тілде берілу жолдары қандай, ерекшеліктерін айқын түсіну үшін бұл әдістің орны маңызды болып келмек. Модальдылық тілде өте үлкен рөл атқарады. Модальдылық–бұл сөйлеушінің пікір мен пікірдің шындыққа деген қатынасының көрсететін грамматикалық санаты. Бұл субъективті қатынас әр түрлі құралдармен, сөздер мен фразеологиялық бірліктермен, көңіл-күймен, сөз тәртібімен және тіпті интонациямен берілуі мүмкін [2,120]. Ағылшын тілінде модальды сөздер ерекше топқа бөлінген. Модальды етістіктер мән-мағыналардың көптеген реңктерін көрсетеді, атап айтқанда: мүмкіндік немесе мүмкін емес жағдайларды білдіргенде қажеттілік және міндеттілік, ықтималдылық және күмән, сенімділік, қалау, рұқсат және тыйым салу. Шынайылық және оның сөйлеуші көзарасымен байланыстары, пікірдің мазмұны бола отырып, айтушыларға шындық ретінде орындау немесе қажеттілік ретінде мүмкіндік немесе тілек ретінде берілуі мүмкін. Объективті шындыққа хабарланатын қарым-қатынас ретінде өз пікірін бағалау модальдылық екені белгілі болды. Қазақ тіліндегі модальдылық рай түрлері мен ерекше интонация арқылы, сондай-ақ лексикалық құралдар, яғни модальды сөздер мен демеуліктер арқылы берілуі мүмкін. [3,176]. Академик А.А.Шахматов тіл жүйесінде рай түрлері мен бұдан бөлек аталған лексикалық құралдардан басқа бөлек берілу жолдары бар екенін атап өтті. Ол сөйлеушінің табиғаты, мінезі мен шынайы қалауын білдіретін модальдылық санаты бірнеше сөз тіркестерінде келуі мүмкін: біріншіден, етістіктен жасалған баяндауыш формасында, екіншіден, етістік пен тұрлаулы сөйлем мүшелерімен бірге келетін көмекші сөздер арқылы, үшіншіден, сөйлемдегі сөздердің ерекше қатары, төртіншіден, етістік пен сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің ерекше интонациясы арқылы берілуі мүмкін.

Must етістігі тек осы шақтың формасына ие. Бұл модальды етістігі өте жиі міндеттілік пен қажеттілікті көрсетіп, міндетті түре орындалу керек іс-әрекетті айқындайды. 32 Бұл етістік қазақ тілінде келесі сөздер арқылы аударылады: міндетті түрде, керек, әлбетте қажет, тиіс. Келесі мысалда сөз сөйлеуші белгілі бір әрекетті орындау қажет деп шешкенде осы

“must” етістігі қолданылады. Бұл ретте сөйлеушінің шешімі ішкі қажеттіліктен туындады: She liked it. It was an interesting book. She must have it. Ол оған ұнады, ол қызықты кітап болды. Ол оны сатып алуы керек. Have to етістігі белгілі бір жағдайлардан туындаған әрекетті жасау қажеттілігін білдіреді, яғни қазақ тілінде керек, қажет, мәжбүр эквиваленттеріне ие. Мағынасы бойынша have to етістігі must модальды етістігіне жақын (сөйлеушінің көзқарасы бойынша міндет немесе қажеттілік). Бұл мәнде ол барлық формалар мен шақтарды, кез-келген түрдегі сөйлемдерде, яғни жай, перфектті сөйлемдерде to бөлшегімен бірге қолданылуы мүмкін. Оның келесідей шақ формалары бар: have/has – осы шақ, had – өткен шақ, shall-will have – келер шақ. The dining room laughed so loudly at this that she had to hold both hands up. Ас үйде шулағаны соншалық, ол екі қолын көтеруге мәжбүр болды. Көптеген жағдайларда can етістігі адамның әрекет ете алу қабілетін білдіреді. I can not bring all of them. Мен олардың барлығын ала алмаймын. Бұл сөйлемде can етістігі тек белгілі бір іс-әрекетті жасай алу қабілетін ғана емес, сонымен қатар ұстамды білдіру кезінде қолданыла алады. Біз сондай-ақ сөйлем құраған кезде can және could етістіктерін қолдана аламыз. Could етістігі көбіне формалды, ресми жағдайда пайдаланылады. Can I have a cup of tea, Miss? – she asked. Бір шыны-аяқ кофе ішсем болады ма, Мисс? деп сұрады. Өтініш, талап-тілектер білдірілуі үшін үстеулерді қазақ тілінде пайдаланбаймыз. Should, ought to етістіктерін must етістіктерімен салыстыратын болсақ, бұл ретте қатаң кеңес білдіріледі. Should етістігі сенімділік ренкі бар кеңес береді. You should be careful when you write an academic essay. Академиялық шығарма жазған кезде абай болуың керек.

Ағылшын тілінде модальды сөздер автордың өз сөзіне деген көзқарасын білдіретіні белгілі, бұл сөйлемде айтылған сенім, күмән, болжам, оң немесе теріс баға берумен айқындалады. Модальды сөздер күмән, болжам, сенімсіздікті білдіреді 4. “I thought perhaps it was the message youd been expecting”. Мен бұны сіз күткен хат деп ойлады. “Why?” said miss Moss brightly, “yes perhaps it is”. Модальдылық мәтіннің сипатты белгілерінің бірі болып табылады. Сол мәтіндегі модальдылықтарды мағынасына қарай бес топқа бөлуге болады: фатикалық, метамәтіндік, эмоционалды-бағалау, авторлық мағына, жеке модальды мағына. Жеке мағыналы модальды сөздер немесе фактінің шынайылығы мағынасына ие модальды сөздер (яғни персуазивті мағынаға ие сөздер) сөз таптарының өзегін құрайды десек қателеспейміз. Олардың мағыналары барлық топтар атауларында аталады. Олар сөйлеушінің сенімділігі/сенімсіздігі, айтылған ақпараттың шынайылығы немесе өз көзқарасы тұрғысынан талданып, берілуін білдіреді [4,390]. Бұл топқа келесі лексемаларды жатқыза аламыз: сөзсіз, әрине, әлбетте, мүмкін, шығар, солай сияқты, секілді, сияқты шығар, іспетті және тағы да басқалары. Автоландыру мағынасы бар қыстырма сөздер ақпараттың қалай қабылданғаны сөйлемде кездесетін жиі құбылыс болып табылады (айтуы бойынша, хабарлауы бойынша, сөзіне сенсек, хабарлайды және т.б.). Алайда бұл топтың модальды сөздері онша көп емес. Олар: меніңше, менің ойымша, сеніңше, сенің ойыңша және т.б. Эмоционалды-бағалау модальды сөздері эмоцияларды немесе айтылғандарға байланысты бағалауды білдіреді: өкінішке орай («мен өкінемін» мағынасында, қуанышқа орай, бағымызға орай). Бұндай сөз тіркестері оған сай зат есімдерден бөлек жазылмайды [5,320]. Ол дегеніміз модальдылықтың өзімен бірге субъективтілік және градуалды таратушылары болуы мүмкін. Алайда әрқашан етістік ретінде яғни сөйлемде баяндауыш ретінде оқимыз. Келесі мысалда сөйлемнің эмоциялық сипатты белгісін дәйектейді: Арланның қуанышына орай, достары сонау алыс жерден көрісуге келді. Эмоционалды-бағалау модальды сөздері кейбір лексикализацияланған тіркестер жатады: қалай боларын кім білсін, күнәні жасырғанмен болмайды, әлдеқалай, мүмкін, кім біледі және т.б. Метамәтіндік модальды сөздер сөйлеушінің өз ойын қай ретпен көрсететінін айқындайды: біріншіден, екіншіден, ақыры, ең алдымен, бір жағынан, екінші жағынан және т.б. Олар сонымен қатар жалпылама және қорытынды, түрлі нақтылаулар, түсініктемелер мен түзетулер, көрсеткіштері болып табылады. Адресат тарапынан айтылғанды дұрыс қабылдауды мақсат етеді: осылайша, демек, дұрыс, мысалы, жалпы алғанда. Генетикалық белгісі бойынша модальды сөздер зат есіммен, сын есімдермен, сапалы және предикативті үстеулермен, есімдікті үстеулермен,

есімше мен етістіктік формалармен байланыста болады. Бұдан басқа модальды сөздер тіркестердің лексикализациясы арқылы туындайды (мүмкін, жалпы айтқанжа, қысқаша айтқанда) Модальды сөздер көіне түбі бөлінген сөзінен морфологиялық, семантикалық және синтаксистік тұрғыда олардың функционалды омонимдері болып табылады: шындық-зат есім, атау септігі, шыны керек-модальды сөз. Көрсетілген мысалдарға және жүргізілген зерттеуге сүйене отырып, ағылшын және қазақ модальдылық санаттарының берілуінде лексика-синтактикалық амалдардың рөлі үлкен. Модальды мағыналы сөздердің ағылшын және қазақ тілдерінде берілуі ерекшеліктер мен ұқсастықтарға ие. Егер ағылшын тілінде модальдылық мағыналардың басым бөлігі модальды етістіктер көмегімен білдірілсе, қазақ тілі жүйесінде модальды мағыналы сөздер мен модальды реңктер, демеуліктер, етістіктер мен сөздермен тіркесе отырып, пайдаланылған аналитикалық формалары арқылы айқындалады. Екі тілдің модальдылық санатын салыстырған кезде біз модальдылық санатының конверсия мен қыстырма сөздер арқылы берілуі мүмкін. Алайда олардың рай түрлері мен одағайлар көмегімен берілу жолдары да бар. Бұдан басқа, ағылшын тілінен қазақ тіліне осы модальды сөздерді аударғанда олар тек сәйкес вариантты формасымен ғана емес, оған қосымша компоненттің қосылуы арқылы аударылады. Бұл жерде қосымша компонент деп отырғанымыз етістік немесе қыстырма сөздер, үстеу мен одағайлар, көмекші сөздер арқылы білдірілуі мүмкін. Сонымен, екі тілдегі модальдылықтың берілуінде келесі ұқсастықтарды байқауға болады:

1. Екі тілде де модальды білдіру құралдары ықтималдылық, мүмкін еместік, мүмкіндік немесе қажеттілік секілді жағдайларды бағалауға мүмкіндік береді. Яғни модальды мәндердің қолданыс аясы екі тілге де ортақ.

2. Екі тілде де модальдылықты білдірудің лексикалық және грамматикалық құралдарын бөлуге болады, соңғыларын морфологиялық және синтаксистік деп бөлуге болады.

Ерекше сипатты белгілеріне келетін болсақ, қазақ тіліндегі модальдылық көбінесе модальды сөздер (мүмкін, қажет, болуы мүмкін, болмайды, тиіс) көмегімен білдірілсе, ағылшын тілінде модальды үстеулер көмегімен жүзеге асады, бірақ олар қазақ тілімен салыстырғанда жиі қолданылмайды. Ағылшын тіліндегі мүмкіндіктің, қалаудың, ықтималдылықтың және қажеттіліктің әртүрлі дәрежелері көбінесе модальды етістіктермен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мейе А. Сравнительный метод в историческом языкознании. – М., 1994. – с. 97.
2. Акынова Д.Х. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модальдігінің функционалды-семантикалық өрісі, филол.ғылым канд.автореф.:10.02.20.– Алматы, 2010. – б.120
3. Хлебникова И.Б. Сослагательное наклонения в английском языке: Теория и практика. Красный Октябрь,1994.– с. 176
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: оқулық. – Алматы, Інжі-Маржан, 2007. 390 б.
5. Лаушанская В.Л, Кожевникова О.Х. Грамматика английского языка. – М.: Старт, 2007. – с.320.